

2023-2024 оқу жылының жылдық рефлексиялық есебі

Мұғалім дефектологтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді. Төмендегі оқушылар тізімге алынды.

Мектепшілік ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар тізімі

1	Амангельдина Айша	5 «А»	ОНР
2	Аманкелді Нұрасыл	6 «Ә»	ЗПР
3	Амангельдин Илияс	7 «Б»	ОНР

Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек айының 1-15 аралығында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б), оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері дайындалды. Оқу жетістіктерінің бланкілері негізгі пәндердің (математика, қазақ тілі) оқу бағдарламаларының мазмұны негізінде жасалды. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы, жылдық жұмыс жоспарлары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

Арнайы педагогикалық диагностикаға ПМПК қорытындысы бар 3 оқушы. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы диагностикаға алынды. Барлығы 3 оқушы арнайы педагогикалық диагностикадан өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а, 2б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) меңгеру деңгейі анықталды, оқу жетістіктерінің карталары толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін арнайы мамандар (арнайы педагог, педагог-логопед педагог-психолог, әлеуметтік педагог) анықтап, ұжымдық талқылау жүргізілді. (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және терең педагогикалық диагностика нәтижесінде 1 оқушыға бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары әзірленді және 2 оқушыға типтік оқу бағдарламалары әзірленді

Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке және бейімделген оқу бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді. Түзете-дамыту сабақтары екі негізгі пәнді біріктіре отырып өткізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары және оқу жетістіктері карталары толтырылды. Бірінші жартыжылдықтан кейін және оқу жылының соңында түзете-дамыту жұмыстарына мониторинг жасалды. Оқушыларда негізгі пәндер бойынша динамика байқалады (жетістіктер картасында белгіленді).

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023 жылдың 1-15 аралығында ЕББҚ ететін оқушылардың сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) және 2 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

26.10.2023 ж Мектеп мұғалімдеріне кеңес берілді «Жалпы білім беретін мектептерге бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру» тақырыбында баяндама жасалды. Баяндамада ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жетістік картасын толтырып. Соған сәйкес оқу бағдарламасын бейімдеу және іске асыру мәселелері қарастырылды.

06.11.2023ж «Сөйлеу бұзылыстары бар оқушылардың оқу мен жазудағы кемшіліктерін түзету жұмыстары» тақырыбында қалалық семинар практикум №31 қазақ орта мектебінде өткізілді. Семинарға қала мектептерінің 46 арнайы мамандары (арнайы педагог, логопед) қатысты. Семинар барысында мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық көмектің дұрыс ұйымдастырылу жолдары көрсетілді. Сөйлеу бұзылыстары бар оқушылардың оқу мен жазудағы кемшіліктерін түзету жұмыстарының маңыздылығы туралы түсіндірілді. ЕББҚ ететін оқушылардың ойын әрекетіндегі қарым-қатынасын жақсартуға арналған бірнеше ойындарды көрсетіп, іс-тәжірибемен бөлісті

Сонымен қатар, «Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары», «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары», «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға оқытудың арнайы және альтернативті әдістерді тиімді қолдану жолдары» тақырыптарында презентациялар жасалып, мұғалімдерге ұсынылды, жыл бойы әдістемелік көмек көрсетілді.

Оқушы жетістігі: «Әдістемелік кабинет» КММ. «Әлем балалар көзімен» қалалық сырттай фотобайқауында үздік нәтиже көрсеткен үшін Амангельдин Илияс «Табиғат құбылыстар» наминациясынан III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Әдістемелік кабинет» КММ. «Әлем балалар көзімен» қалалық сырттай фотобайқауында үздік нәтиже көрсеткен үшін Амангельдина Айша «Табиғат құбылыстар» наминациясы дипломмен марапатталды.

«Әдістемелік кабинет» КММ. «Әлем балалар көзімен» қалалық сырттай фотобайқауында үздік нәтиже көрсеткен үшін Амангельдин Илияс «Жануарлар әлемі» наминациясы I дәрежелі дипломмен марапатталды

Өзін-өзі дамыту

25.09. 2023 – 6.10 2023 "Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың (Дефектолог-мұғалімнің) кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде өтіп, сертификат берілді.

Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастыру бойынша 10.10-11.10.2023 аралығында "Инклюзивное образование: Международная практика и современные вызовы" Международный уровень атты семинарда 8 сағат көлемінде білім алды. Халықаралық семинарға қатысқаным үшін сертификат берілді.

24.10.2023 ж. Ақтөбе облыстық оқу-ағарту министрлігі орталығы ұйымдастырған арнайы педагогтарға (дефектолог, логопедтерге) арналған облыстық педагогикалық олимпиададан III дәрежелі диплом берілді.

26.01.2024ж. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамының филиалы. Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты. Mentor әдістемелік орталығы ұйымдастыру бойынша «Үздік дефектолог» республикалық байқауына қатысып I дәрежелі диплом берілді.

15.03.2024ж. "Инклюзивті білім беру: үздіксіз және сабақтастығы" атты XI Халықаралық ғылыми тәжібиелік конференциясына қатысып, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар отбасымен жұмыс» атты мақала жариялап, кәсіби деңгейде белсенділік танытқан үшін сертификат берілді.

15.03.2024 ж «Жалпы тіл кемістігі бар балалардың танымдық процестерінің дамуын зерттеу әдістемесі» атты әдістемелік.

15.03.2024ж. «Тіл кемістігітері. Дислалия, тұтығу» электронды орта

Мұғалім дефектолог:



Н.А Жакибаева





